

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгерту енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 30 желтоқсан N 470 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 70. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы" 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 470 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 70 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 3 басылымдарында 1997 жылғы 29 қаңтарда - 11 ақпанда жарияланған)...

Қазақстан Республикасында Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 Қаулы) Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгерту бекітілсін және

ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (А.К. Өртембаев) Банктік қадағалау департаментімен (Н.К. Абдуллина) бірлесе отырып осы Қаулыны және екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгертуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Н.К. Абдуллина) осы Қаулыны және екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге өзгертуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Г. Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының
1997 жылғы 30 желтоқсандағы
N 470 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292
қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердің
халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы
ережеге өзгерту

11-тармақтың 5-тармақшасындағы "кәсіби қызмет" деген сөздер "
кастодиандық және клирингтік қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы